

Белгіленген бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2010 жылғы 14 сәуірдегі N 38-5 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 27 мамырда N 2-8-147 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2011 жылғы 18 наурыздағы N 48-2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2011.03.18 N 48-2 Шешімімен

Қазақстан Республикасының "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 422-бабы 2-тармағына сәйкес және аудан әкімінің 2010 жылғы 25-наурыздағы N 7-1/460 хатының негізінде Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Салық салудың айқындылығы және әділдігі принциптерін, барлық салық төлеушілер үшін базалық ставкалар шегінде бірыңғай тіркелген салық ставкаларын белгілеу жұмыстарын іске асыру мақсатында Еңбекшіқазақ ауданы бойынша белгіленген бірыңғай тіркелген салық ставкалары қосымшаға сәйкес **б е л г і л е н с і н .**

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қадырбек Мұрат Болатұлына және аудандық мәслихаттың заңдылықты сақтау ж ніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

<i>38-сессиясының төрағасы</i>	<i>Аудандық</i>	<i>мәслихаттың</i>
	<i>Қ. Бұланбаева</i>	
<i>хатшысы төрағасы</i>	<i>Аудандық</i>	<i>мәслихат</i>
	<i>Ә. Талқамбаев</i>	
<i>Еңбекшіқазақ</i>		<i>аудандық</i>
<i>мәслихаттың</i>	<i>2010</i>	<i>жылғы</i>
<i>14</i>	<i>сәуірдегі</i>	<i>"Белгіленген</i>
<i>бірыңғай</i>	<i>тіркелген</i>	<i>салық</i>
<i>ставкаларын</i>		<i>белгілеу</i>
<i>туралы "</i>	<i>N</i>	<i>38-5</i>
<i>қосымша</i>		<i>шешіміне</i>

Белгіленген бірыңғай тіркелген салық ставкаларының мөлшері

N	Салық салынатын объектінің аты	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының ең төменгі мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының ең жоғары мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)	Бірыңғай белгіленген салықтар (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3	4	5
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1	12	6
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1	18	10
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1	4	2
4	Ойын жолы	5	83	25
5	Карт	2	12	4
6	Бильярд үстелі	3	25	10